

Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 411 "2020-2022 жылдарға арналған Аққұдық ауылының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 442 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 наурызда № 6939 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Хромтау аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 411 "2020-2022 жылдарға арналған Аққұдық ауылының бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6785 тіркелген, 2020 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - "17 008,0" сандары "22 457,0" сандарымен ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімдері - "16 260,0" сандары "21 709,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - "17 008,0" сандары "22 457,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімдегі 1 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Хромтау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Хромтау аудандық мәслихаты сессияның төрағасы

Е. Юшкевич

Хромтау аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Мулдашев

2020 жылға арналған Аққұдық ауылының бюджеті

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | атауы | | сомасы (мың теңге) |
|-------------------|--------------|-------------------------------------|--|---|--------------------------|
| | | | 1. Кірістер | | 2 2 457,0 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | | 748,0 |
| | 01 | | Табыс салығы | | 64,0 |
| | | 2 | Жеке табыссалығы | | 64,0 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | | 684,0 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | | 21,0 |
| | | 3 | Жер салығы | | 26,0 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | | 637,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | | 2 1 709,0 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | | 2 1 709,0 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстықмаңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | | 2 1 709,0 |
| функционалдық топ | кіші функция | бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | бағдарлама | атауы | сомасы (мың теңге) |
| | | | | II. Шығындар | 2 2 457,0 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 1 9 222,0 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 1 9 222,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 9 222,0 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі ішкі қызметтер | 1 9 222,0 |
| 07 | | | | Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық | 1 035,0 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 1 035,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 305,0 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 535,0 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|--|---------|
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясы нқамтамасыз ету | 500,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 2 200,0 |
| | 9 | | | Басқалар | 2 200,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2 200,0 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендері жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 2 200,0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК